*Түркістан облысы*
*Келес ауданы*

*№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемесі*

# *Қамқоршылық кеңесінің іс-құжаттары (жоспары, хаттамалары)*

*Жүзімдік ауылы*

Scanned with AnyScanner

**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектеп.**
**Қамқоршылық кеңесінің құрамы туралы жалпы мәлімет.**
**2023-2024 оқу жылы**

| № | Қамқоршылық кеңесі мүшелерінің аты-жөні | Туған күні, айы,жылы | Мекенжайы | Жұмыс орны | Байланыс телефоны | Қамқоршылық кеңесіндегі лауазымы |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Амиттаев Пердебай | 03.03.1951 жыл | Жүзімдік ауылы | жеке кәсіпкер | 8778 803 21 44 | төраға |
| 2 | Пірсейітов Рисдаулет | 16.08.1969 жыл | Жүзімдік ауылы | жеке кәсіпкер | 8771 148 96 18 | төраға орынбасары |
| 3 | Туленов Амирхан | 08.03.1973 жыл | Жүзімдік ауылы | ауыл әкімдігі,бас маман | 8702 565 23 74 | мүше |
| 4 | Тастемір Мейіржан | | Жүзімдік ауылы | Келес АПБ ЖПК УПИ полиция аға лейтенанты | 8775 974 2525 | мүше |
| 5 | Калжігітова Гүлжан Амангелдиевна | 09.07.1972 жыл | Жүзімдік ауылы | «Нұрқадам» балабақша әдіскері | 8705 974 34 38 | мүше |
| 6 | Абдраимова Рабиға | 06.07.1954 жыл | Жүзімдік ауылы | зейнеткер | 8702 209 02 49 | мүше |
| 7 | Дюсенов Кылырали | 10.05.1966 жыл | Жүзімдік ауылы | жеке кәсіпкер | 8701 647 70 11 | мүше |
| 8 | Молдабаев Ерлан | 08.03.1969 жыл | Жүзімдік ауылы | есепші | 8775 355 60 12 | мүше |
| 9 | Омаров Шыныбек | 12.09.1973 жыл | Жүзімдік ауылы | ауыл имамы | 8701 149 98 63 | мүше |
| | | | | | | |

**Мектеп директоры:** **А.Камбарова**

Scanned with AnyScanner

Бекітемін
Мектеп директоры
Жамбырова

**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің**
**Қамқоршылық кеңесінің жылдық жұмыс жоспары**
**2023-2024 оқу жылы**

| № | Атқарылатын іс-шаралар | Мерзімі | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| 1 | Мектепте Қамқоршылық кеңесінің құрамын бекіту, жоспарын жасау. | тамыз | Мектеп директоры |
| 2 | Мәліметқордан бойынша әлеуметтік қамқорлыққа алынатын оқушылардың сынып жетекшілермен бірлесе анықтау және әлеуметтік диагностика жасау: тұл жетім,жартылай жетім,оралман, көпбалалы және аз қамтамасыз етілген отбасы балалары | қыркүйек | Әлеуметтік педагог,сынып жетекшілер |
| 3 | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды, аз қамтамасыз етілген отбасы және көпбалалы отбасынан шыққан оқушыларды оқулықпен қамтамасыз ету. Мектеп асханасын жалдаушылармен келісім шарт түзіп оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету | қыркүйек | Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер,кітапхан қызметкері |
| 4 | Мектеп әкімшілігімен және сынып жетекшілермен бірлесе Қазақстан Республикасының «Бала құқығы туралы» заңы мен БҰҰ « Баланың құқықтары туралы» халықаралық конвенциясы және ҚР «Неке және отбасы Заңын» талқылау | қазан | Әлеуметтік педагог, кеңес құрамы |
| 5 | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың үйлеріне тұрғын-жай актісін жүргізу, атына мүлкі бар немесе жоқтығын, оның сақталуын анықтау. Аз қамтамасыз етілген оқушылармен әлеуметтік-психологиялық диагностикалық жұмыстар жүргізу | жылына екі рет | Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер |
| 6 | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды жаңа жылдық шыршаға алып бару және мерекелік сыйлықтар ұйымдастыру | | Әлеуметтік педагог, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары |
| 7 | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды, аз қамтамасыз етілген отбасынан шыққан оқушыларды тегін ыстық тамақпен және әлеуметтік көмек көрсету. | қараша | Әлеуметтік педагог, сынып жетекшілер, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары |

Scanned with AnyScanner

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Қамқорлық акциясын ұйымдастыру | | |
| 8 | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың әлеуметтік ортасына зерттеу жұмыстарын жүргізу.<br>Тәрбиесі қиын және құқық бұзуға бейім балалармен әлеуметтік-психологиялық жұмыстар атқару. | желтоқсан | Әлеуметтік педагог, педагог - психолог |
| 9 | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың қамқоршыларымен байланыста болу | қаңтар | Әлеуметтік педагог, педагог - психолог, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары |
| 10 | Аз қамтамасыз етілген отбасы балаларының бос уақытын қалай өткізетіндігі жөнінде «Менің достарым» тақырыбында сауалнама жүргізу | ақпан | Әлеуметтік педагог, педагог- психолог. |
| 11 | Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылардың қамқоршыларымен әңгіме өткізу, есебін алып тұру | жылына 2 рет | Әлеуметтік педагог, педагог- психолог. |
| 12 | 1 маусым - Баланы қорғау күніне байланысты қабырға газеттерін шығару, мәдени іс-шаралар ұйымдастыру және оқушыларды қатыстыру;<br>Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушыларды жазғы сауықтыру лагерлерімен қамтамасыз ету | маусым | Әлеуметтік педагог, тәрбие ісі жөніндегі орынбасары |

**Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары:** **К.Усенов**

**Р.Есжанова**

Scanned with AnyScanner

**№31 Ш.Уалиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебі**
**Қамқоршылық кеңесінің отырыстары**
**2023-2024 оқу жылы**

**Қамқоршылық кеңесінің мақсаты:** Мектепте сайыстар,олимпиадалар,фестивальдар өткізуге қолдау жасау (оқушыларды марапаттау, көтермелеу, материалдарын сатып алу. Мұқтаж отбасы оқушыларына әлеуметтік көмек көрсету.

**Міндеттері:**

Мектептің неғұрлым белсенді және талантты оқушыларын сайыстардың, олимпиадалардың, фестивальдардың жеңімпаздарын көтермелеу;

Мектептің спорт командасына көмек көрсету;

Балаларға әлеуметтік көмек көрсету.

| № | Қаралатын мәселелер | Мерзімі | Жауапты |
|---|---|---|---|
| 1 | 1. Қамқоршылық кеңес құрамын бекіту.<br>2.Қамқоршылық кеңес мүшелерін 2023-2024 оқу жылына арналған жұмыс жоспарымен таныстыру<br>3. 2023-2024 оқу жылында «Мектепке жол» акциясына қатысып, аз қамтылған отбасы балаларына көмек жұмыстарын ұйымдастыру | тамыз | қамқоршылық кеңесі төрағасы |
| 2 | 1.Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан бөлінген қаражатқа аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсетуін бақылау.<br>2. Қамқоршылық кеңестің жарналық қорын ұйымдастыру<br>3. Бала құқығының қорғалуына және Сенім телефоны мен сенім жәшігінің жұмысына бақылау жасау | қазан | кеңес төрағасы мүшелері, әлеуметтік педагог, мектеп психологы |
| 3 | 1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыстың алдын-алу шаралары<br>2. Білім алушылармен ішкі тәртіп Ережесінің сақталуы (мектеп формасының сақталуы, білім беру ұйымдарына алып кіруге тыйым салынған заттарға жүргізілген рейдтерін қорытындысы.) | қаңтар | кеңес төрағасы мектеп әкімшілігі |
| 4 | 1. Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру.<br>2. Мектеп ауласын абаттандыру жұмыстары. | сәуір | кеңес төрағасы мектеп әкімшілігі |

**Қамқоршылық кеңесі төрағасы:** [signature] **П.Амантаев**

Scanned with AnyScanner

**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі**
**Қамқоршылық кеңес отырысының**
**хаттамасы №1**

04.08.2023 жыл Жүзімдік ауылы

**Қатысқандар:**
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, әлеуметтік педагог.

**Күн тәртібінде қаралған мәселе:**
1.Қамқоршылық кеңес мүшелерін жылдық жоспарымен таныстыру, кеңес төрағасын сайлау.
2. 2023-2024 оқу жылында «Мектепке жол» акциясына катысып, аз қамтылған отбасы балаларына көмек жұмыстарын ұйымдастыру туралы.
3. Мектепте оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуы туралы.

**Тыңдалды:**

1. Күн тәртібіндегі аталған мәселелер бойынша мектеп директоры А.Камбарова ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығы «Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» заңымен таныстырып, Қамқоршылық кеңесі мүшелері өз орталарынан кеңес төрағасы мен орынбасарын сайлап алуды айтып өтті. Кеңес мүшелері өзара ақылдаса отырып, бірауызлан төраға етіп Пердебай Амантаев ағаны, оның орынбасары етіп Даулет Пирсейтовті қалдыруды ұйғарды. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы биылғы жұмыс жоспарымен таныстырды,ал отырыс мүшелері болса осы жұмыс жоспарымен келісті.2023-2024 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің төрағасы мен орынбасары сайланды.
П.Амантаев – кеңес төрағасы, зейнеткер.
Д.Пирсейтов – төраға орынбасары, кәсіпкер.
А.Туленов – кеңес мүшесі, ауыл әкімдігінің бас маманы.
К.Дюсенов – кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер.
Г.Калжигитова – кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер.
М.Тастемиров – кеңес мүшесі, Келес АПБ ЖПҚ УПИ полиция аға лейтенанты.
Е.Молдабаев – кеңес мүшесі, жеке кәсіпкер.
Ш.Омаров - кеңес мүшесі, ауыл имамы.
Сонымен бірге мектепте жаңа оқу жылында тұрмыс деңгейі төмен, көп балалы, жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларына «Мектепке жол» акциясы аясында демеушілер тарапынан көмек көрсетілу жұмыстарын ұйымдастырылу жайлы айтты.

Scanned with AnyScanner

Мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Айтымбетова қазіргі күнде мектепте ҚР-ның 64 қаулысына сәйкес ата-аналардан түскен өтініштер мен құжаттарды көрсетті. Мектепте Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасыларынан шыққан балалардың өтініштері 41 оқушы және Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасылардан шыққан балалардың, жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың ата-аналарының өтініштері көрсетіп, сараптауға ортаға салды. Қамқоршылық кеңес мүшелері өтініштерді көріп, тұрмыс жағдайы жақсы кейбір отбасыларды тізімнен шығаруды ұсынды. Кеңестің қалған мүшелері бұл ұсынысты бірауыздан қолдады. Мемлекеттен көмек алмайтын, тұрмыс деңгейі төмен 9 отбасынан 20 оқушы балаларына демеушілер тарапынан көмек беру қарастыру керек. Биылғы жылдың ерекшелігі мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында 1-4 сынып оқушылары жалпы ыстық тамақпен қамтылуда. Мектеп жасындағы балалардың тамақтануында әр мәселенің маңызы бар, себебі, балалық шақта адамның ақыл-ойы мен денесінің бүкіл өмірлік қорының іргесі қалыптасады, ал тағам – бұл үшін қажетті қуат пен заттектердің алынатын жалғыз қайнар көзі. Ұрпағымыздың сау, ақылды және белсенді болып өсуіне көмектесу мақсатында оқушының жасына байланысты физиологиялық қажеттіліктерін қанағаттандыратын дұрыс тамақтануды қалай ұйымдастыруға болатынын айта келе мына төмендегі оқушыларға бір мезгіл ыстық тамақ берілу керектігін айтты. (тізім қосымша беріледі)

**Қаулы:**

1. Қамқоршылық кеңесінің жылдық жоспары бекітілсін.
2. Қамқоршылық кеңесінің төрағасы болып П.Амантаев бекітілсін.
3. Мектепте «Мектепке жол» акциясы аясында ұйымдастыру жұмыстары жүргізілсін.
4. Мектепте жаңа оқу жылында тұрмыс деңгейі төмен, көп балалы, жартылай жетім, аз қамтамасыз етілген отбасы балаларына бір мезгіл ыстық тамақ берілсін.

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:** **П.Амантаев**

**Хатшы:** **Р.Есжанова**

Scanned with AnyScanner

**№31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта мектебі**
**Қамқоршылық кеңес отырысының**
**хаттамасы №2**

23.10.2023 жыл Жүзімдік ауылы

**Қатысқандар:**
Қамқоршылық кеңесінің мүшелері, мектеп директоры, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары, ата-аналар комитетінің төрайымы.

**Күн тәртібінде қаралған мәселе:**

1.Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан бөлінген қаражатқа аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсетуілуі туралы
2. Қамқоршылық кеңестің жариялық қорын ұйымдастыру туралы
3. Бала құқығының қорғалуына және Сенім телефоны мен сенім жәшігінің жұмысына бақылау жасау туралы

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі аталған мәселе бойынша №31 Ш.Уәлиханов атындағы жалпы орта білім беретін мектебінің жанынан құрылған Қамқоршылық кеңесінің төрағасы П.Амантаев жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан бөлінген қаражатқа аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсету керектігін айтып өтті.
Көпбалалы отбасы, жартылай жетім, аз қамтылған отбасы балаларынан оқушылар жаңа оқу жылына киімдер алды. Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасының 41 балалары киім кешекпен қамтамасыз етілген. Сонымен бірге 17 оқушы атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балалары және 1-4 сынып оқушылары ыстық тамақпен қамтылғаны туралы мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Айтымбетова айтып өтті. Кеңестің қалған мүшелері бұл ұсынысты бірауыздан қолдаған мемлекеттен көмек алмайтын, тұрмыс деңгейі төмен 9 отбасынан 20 оқушы балаларының 15 оқушыға демеушілер тарапынан көмек берілді.
Қамқоршылық кеңесінің төрағасы П.Амантаев кеңес мүшелеріне және мектеп директорына ынтымақтастықта жұмыс жасап, балаларға көрсетіліп жатқан қамқорлықтары үшін ризашылығын білдірді. Сонымен бірге қамқоршылық кеңесі алдағы уақытта кеңестің қорын ұйымдастыратындығын атап өтті.
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары К.Усенов мектепте кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылықтың, зорлық-зомбылықтың, ерте жүктіліктің, қылмыстың алдын алу бойынша Сенім жәшігі орналасқан. Сенім

Scanned with AnyScanner

жәшігіне жауапты болып мектептің психологы Г.Жамаловаға бекітіліп, ай сайын ашылып хаттама түзілетінін атап өтті.

**Шешім:**

1.Жалпыға бірдей міндетті оқу қорынан бөлінген қаражатқа аз қамтылған, көп балалы отбасынан шыққан білім алушыларға материалдық көмек көрсетуін бақылау жасау жұмысы жандандырылсын.

2. Қамқоршылық кеңестің жарналық қоры ұйымдастырылсын

3. Бала құқығының қорғалуына және Сенім телефоны мен сенім жәшігінің жұмысына бақылау жасау жұмысы ары қарай жалғастырылсын.

**Қамқоршылық кеңесінің төрағасы:** **П.Амантаев**

**Хатшы:** **Р.Есжанова**

Scanned with AnyScanner